

# Менің латын тіліне көшуге көзқарасым

*Дайындаған: Тілепбергенов  
Алтынбек*

*Группа: ЭС 11/11*





# ЛАТЫН ӘЛІПБИІ [latin әліпбиі]

Ел – бүгіншіл,  
менікі – ертең үшін.

- el – бүгү<sup>n</sup>шіл,  
meniki – erтең үш<sup>ü</sup>n.
- A.Baytursunulu



## Латын графикасына байланысты пікірталастардың басталуы.

- 1920 жылы «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ», «Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп» газеттерінде көрініс тауып, газет төңірегіне ұйыса бастайды.
- Н.Төреқұлов «Бізге қандай әліппе керек», Ә.Байдилдиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Б.Байтоғайұлы, Қ.Басымов, М.Дулатов, Т.Ш онанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін керек», О.Жандосұлы, М.Жолдыбаев, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Н.Қаймекеұлы, Ж.Аймауытовтың, М.Мұхтарұлы «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» т.б.
- Жалпы Шығыс елдеріне жақын орналасқан дамымаған мемлекеттердің алғашқы жазу графикасы ретінде латын әліпбиінің енуі 1924-32 жылдар аралығын қамтиды.

# Алфавит

АРАБ

- 1072-1929 жж

Латын

- 1929-1939 жж

Орыс

- 1940ж бастап



## *Латын әліпбиі туралы мәлімет*

*Латын әліпбиі, әлемде кеңінен қолданылады. Б.з.б. 7 ғасырдада Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. 1 ғасырында қалыптасты. Жазу оңнан солға немесе солдан оңға қарай (брустрофедон бойынша) жазылып, бағыты әрдайым алмасып отырған.*



A	B	C	D	E	
F	G	H	I	J	K
L	M	N	O	P	
Q	R	S	T	U	
V	W	X	Y	Z	

Орта ғасырда Латын әліпбиі Еуропаға тарады, Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Латын сөздерін оқуға негізделген әріп таңбалары қалыптасты. Қазіргі латын әліпбиінде 26 әріп бар. Дауысты дыбыстар созылыңқы және қысқа айтылады, осыған байланысты сөздердің мағынасы өзгереді



*Мына сызбанұсқада латын әліпбиінің әлемде таралуы көрсетілген. Қою-жасылмен латын әліпбиі ресми (немесе де-факто ресми) жазу болатын елдер; ал ашық-жасылмен — латын әліпбиі басқа жазулармен қатар пайдаланатын елдер көрсетілген.*



*2006 жылы Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», — деген еді.*

Қазақ тілі әліпбиінің кириллицадан латын графикасына көшірілуін қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

- o 1. Қоса беріліп отырған латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі бекітілсін.
- o 2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:
  - o Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құрсын;
  - o қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшуін қамтамасыз етсін;
  - o осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де, соның ішінде ұйымдастырушылық және заңнамалық сипаттағы, шаралар қабылдасын.
- o 3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
- o 4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.



1	A a	[a]	17	N' n'	[ɲ], [ɲɣ]
2	A' a'	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	O' o'	[ɵ]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[κ]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[ɣ]	23	S s	[s]
8	G' g'	[ɣ̣]	24	S' s'	[ʃ]
9	H h	[x], [h]	25	C' c'	[tʃ]
10	I i	[i]	26	T t	[t]
11	I' i'	[ɯ], [ɯ̃]	27	U u	[ʏ]
12	J j	[ʒ]	28	U' u'	[ʏ̣]
13	K k	[κ]	29	V v	[v]
14	L l	[l]	30	Y y	[ɣ]
15	M m	[m]	31	Y' y'	[ɣ̣]
16	N n	[n]	32	Z z	[z]

*Қазақ тілінің  
жаңа латын  
әліпбиі*

# Тиімді жақтары





Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымыз  
төмендегідей :  
Біріншіден , тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі  
қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын кейбір  
әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің  
табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз.





Екіншіден , қазақ тілінде оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді.



Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу - қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпараттар кеңістігіне кіруге тиімді жолдар ашылады.



Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Бізге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек.



# Тиімсіз жақтары



*Әшірбек СЫҒАЙ, театр сыншысы:  
Асыра сілтеу болмасын*

*Онсыз да мектепте орыс тілімен ұрпақтың басын ауырттық. Одан қалып ағылшын тілі шықты. Абай, Шоқан, Қаныш, Әлкей еңбектерінен бөлек жазушылардың шығармашылықтары біздің ұлттық мұраларымыз. Оны кім латын әрпіне көшіреді? Оған дейін ұрпақ ауысып, осының бәрінен мақұрым қалмай ма? Қазірдің өзінде шулап жүріп орысшадан қазақшаға әрең аударып, кириллицаның өзіне аудармашы таппай қиналып жүрген жоқпыз ба? Жақсы-жаман болсын, қаламгер атаулының жазғандары бар. Оны ақшасы барлар аудартып, өмірден өткен жазушылар далада қала ма деген ой мазалайды мені. Мұның барлығы күдік пен күмән*

*Нұрғали НҮСІПЖАНОВ, Халық әртісі:  
Түбі әліпби ауыстыратынымызды білемін*

*Өнердің қазанынан су ішіп жүргеннен кейін ұлттық салт-дәстүрлерміз мен үшін бәрінен де қымбат. Латынның әрпі бізге күнделікті тұрмыс жағдайында сіңісе береді. Оған бола мақтанып, кеуде қағатындай ештеңені көріп тұрған жоқпын. Дабыра қылатын өзіміз мойындамай жүрген ана тіліміз. Қазақтың ас-суын ішіп жүріп қазақ тілін менсінбеу жағзы мені алаңдатады. Осы орайда латынға көшу арқылы біз осыны жеңе аламыз ба? Мәселе осында. Қазір дүңгіршекке барсаң, қазақша кітап, газет таба алмайсың. Астанаға барғанда газет алайын десем, онын үзiгiн де көрген емеспiн. Оған бола ешкімнің басы ауырып жатқан жоқ. Ал латынға көшу туралы әңгімеге келгенде бәрі шетінен белсенді. Әліпбиге ауыстыруға ешкім қарсы болмас. Біз сөзсіз түбі соған мойын бұрамыз. Бірақ қазақ тілінің мәртебесі қай кезде де бәрінен биік тұруы керек.*



*Бақытжан ТОБАЯҚОВ, ақын:  
Алдымен тілімізді түзеп алайық*

*Мемлекеттік тілді жиырма жылдың ішінде толық меңгермей жатып латын әліпбиіне көшіру еш қисынға келмейді. 2020 жылы мемлекеттік тілді меңгергендер 95 пайызды құрайды дейміз. Қазірдің өзінде еліміздегі адамдардың елу пайыздан астамы қазақ тілін толық меңгермеген. Егер басқа әліпбиге көшу маңызды болса, онда көне түркі жазуына ауысқанымыз дұрыс шығар. Әрі әліпби ауыстыру қыруар қаржыны керек етеді. Ал бұл тұрғыдан келгенде біздің әдеби-мәдени мұралар қайда қалмақ? Онсыз да латынша әріпті меңгеріп, кейін ауыса берерміз. Бірақ түбегейлі ауысудың қажеті жоқ. Мемлекеттік тілді толық меңгеру ұзақ уақытқа созылғанымен, соңы нәтижесіз аяқталып келеді. Оның қасында ресми тіл жоғары тұр. Ал латынға көшу арқылы біз орыстан құтыла алмаймыз. Болмаса тәуелсіздік жылдарында біржолата латынды таңдауымыз керек еді*

*Саят Әбенов, ақын:*



Тіл құрыса құрығаны Қазақтың,  
Одан асқан болмас бізге азап күн.

"Ғылым тілі - ағылшын тіл" дейсіңдер,

Бір жаңалық ашқандайын ғажап тым.

# ҚОРЫТЫНДЫ

*Қазіргі таңда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың латын әліпбиіне көшу саясатын қолдаймын. Себебі, біріншіден, латын әліпбиіне көшудегі негізгі ұтымдылық - тіл ауыспай, таңбаның ауысуы. Екіншіден, қарапайым тілмен жеткізсем, сөзді немесе дыбысты қалай естісек, жазылуын да солай жазамыз.*

*Көптеген ғалымдардың пікірін ескеретін болсам, латын әліпбиіне көшу соншалықты қиындық тудырмайды.*

*Қазіргі кезеңде білім саласындағы жаңа реформаның жүзеге асырылуы да, яғни жаңартылған білім мазмұны осы латын әліпбиіне көшуде өз үлесін қосады деген ойдамын. Оған дәлел, бастауыш буыннан бастап тілдің үш тұғырлығының басымдығының бастау алуы.*

*«Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Көз— қорқақ, қол—батыр», - деп дана халқымыз айтқандай, екі қолды сыбанып нақты нық қадаммен алға басайық!*

# ТЫҢДАРМАНМЕН ЖҰМЫС

*Мына сөздерді жаңа әліпбиді қолдана отырып, жазып көр:  
Сәбіз, қолсөмке, қанағаттанарлық, ағайын, тоқымқағар, нияз,  
ұзағынан, қиямет*





# JAY'ABY

Sa'biz, Golso'mke,  
Qanag'attanarlyk,  
ag'ai'yn, toqymqag'ar,  
niiaz, S'uga,  
uzag'inan, qiamet



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА  
РАХМЕТ!**



